



5-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Формат пен мәнер. Жоғалып кеткен
жауынгер жанрлар





Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Формат пен мәнер. Жоғалып кеткен жауынгер жанрлар
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

I.

Армысыздар! Отандық журналистерге арналған американдық белгілі сценарист, режиссер Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабының негізіндегі дәрістерімізді одан әрі жалғастырамыз. Бұл жолы дәрісіміздің бірінші бөлігінің тақырыбы формат және мәнер деп аталады. Одан әрі өзіміздің қазақ тілді журналистиканың жоғалып кеткен жанрларын түгендейтін боламыз. Сонымен құлақтарыңыз бізде болсын, екі бөлімнен тұратын кезекті дәрісімізді бастаймыз.

Сценарий форматы ең алдымен оны эфирге шығаратын арнаның, түсіретін студия мен продюсерлік орталықтың қаншалықты тәуелсіз екенінен басталады дейді Роберт Хиллиард. Бұл пікірмен келіспеу мүмкін емес. Сөйте тұра ол сценарийлердің негізгі форматтары баршаға ортақ, оның міндетті түрде сақталатын шарттары бар дейді.

Сценарий жазудың формасы әртүрлі бола береді. Біреулер оны кесте түрінде толтырады. Біреулер тізбектелген мәтін түрін тәуір көреді. Сұрақ пен жауап ретінде жазатындар бар. Екі бағына түріндегі сценарий ең көп кездеседі. Оның бірінші бөлігіне айтылатын сөздер жазылса, екінші бағынаға сол кезде жүріп жататын әуен немесе бейнекөрініс суреттеледі.

Радиоға арналған сценарийде осы екі бағына керісінше орналасуы мүмкін. Оның алғашқысы сол жағында бүкіл өндірістік ақпараттар беріледі де, оң жақ екінші бөлігіне эфирде оқылатын сөздер немесе диалогтар жазылады.

Бостондағы ФОКС жаңалықтар арнасының эфир жүргізушісі Джин Лаванши әлі күнге оң жағы мен сол жағы бар сценарийді қолданатынын айтқан. Оның сол жағына режиссердің ескертпелері түсіріледі. Онда қай кезде ірі план түсеретіні, қай кезде жалпы, ал қай кезде орта планмен көрсететін камераға қарау керек, қай кезде экранда бейнекөрініс кетеді және басқа ескертпелер жазылады. Оң жағына диктордың эфирде оқитын сөздері беріледі.

Ал драмалық, немесе ток-шоу мәтіндерінде оқиғалар ретін нөмірлеп қоюға болады. Алдымен қай оқиға баяндалады, одан кейін қай оқиға айтылуы керек, соның реті алдын ала белгіленеді дейді Роберт Хиллиард мырза.

Автордан эфир немесе экрандағы көріністерді кезегіне қарап нөмірлеп қоюды телесериал немесе көркем фильм түсіретін режиссер мен продюсер талап етеді. Өйткені олар көріністер санына қарап туындының бюджетін анықтайды. Айталық 150 көрініске олардың бюджеті жетуі мүмкін, ал көрініс саны 250 болса, оны мына қаржымен ондай көлемді қамти алмайтындарын біледі.

Сөйте тұра «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабында Роберт Хиллиард мырза авторларды шаблондарға ұрындудан сақтандырады. Шаблон біріншіден мақсатсыздыққа ұрындырса, екіншіден қызықтырмай қояды. Теорияны оқыңыздар, басқалардың тәжірибесін саралаңыздар. Сол арқылы өзіңіздің қайталанбас жолдарыңызды іздеңіздер дейді американдық тәлімгер. Қайталанбас жолдар туралы біз дәрісіміздің екінші бөлігінде, өз ойларымызды айтқанда кеңірек көсіліп жүрміз.

Әдеби сценарийді қағазға түсіргенде автордың кейіпкерлерге, оларды ойнайтын, орындайтын актерлерге талабы да көрсетіледі. Сол арқылы автордың көзқарасы ескертіледі.

Роберт Хиллиардтың айтуынша, жарнамалық роликте бірнеше ғана ескерту тұрады. Сондықтан оның бүкіл сценарий мәтіні бір бетке жетпейді.

Бір сағаттық драмалық бағдарлама мен деректі фильмге негізгі мәтін жазылады немесе екі-үш беттік мазмұндамамен шектелуге болады. Мазмұндама негізгі сценарийдің көлемінің бестен бір бөлігінен аспайды.

Ал егер баспасөзге арнап жазатын болсаңыз, ол ұзақ та, қысқа да болуы маңызды емес, ең маңыздысы қызғылықты оқилуы, яғни тиімділігі. Газеттегі жаңалық жүз сөз бен мың сөздің арасын құрайды. Ал осы тарихты телевидение мен радиода 30 секундта жеткізу керек. Демек тіпті 100 сөзден аз жазылуы керек. Сондықтан нақты болуға ұмтыласыз. Айқындалмаған, немес керісінше алдын ала қорытынды жасайтын мәтіндер оқырман мен тыңдарманды адастырады. Оқитын немесе еститін сөйлемдер мазмұнға толы, әрі түсінікті болуы керек. Екі түрлі мағына беретін тіркестерді газетте қолдануға болады. Өйткені онда оқырманның қайта ойланып оқитын мүмкіндігі бар. Ал эфирде екі рет тыңдата алмайсыз. Осыны ескеріңіздер.

Осымен біз Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабынан алынған ойлармен дәрістің бірінші бөлігін аяқтаймыз. Екінші бөлігінде өзіміздің ойларымызды ортаға саламыз. Ол жоғалып кеткен жауынгер жанрлар деп аталады.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Формат пен мәнep. Жоғалып кеткен жауынгер жанрлар
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

II.

Журналистика мен әдебиетті бір-бірімен әріптес дедік. Әдебиетте жанр боларын сонау Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» алғаш айқындағанын айттық. Ол ғұлама роман, повесть, әңгіме жанрларын түсіндіріп берді. Ғұламаның бұл талдауы алғашқы қазақ романдары дүниеге келіп жатқан кезеңде жасалды. Ахмет Байтұрсынұлы «романды – ұлы әңгіме, повесті – ұзақ әңгіме, әңгімені – ұсақ әңгіме» деп түсіндірді.

Бір қуаныштысы сол «Әдебиет танытқыш» жазылғанды бір ғасырға жуықтаса да прозадағы үш жанр да жоғалған жоқ. Қайта бұл жанрлар бойынша үздік туындылар бірінне соң бірі дүниеге келіп жатыр. Үш-төрт кітаптан тұратын романдар Қазақ әдебиетін әлемге танытты. «Абай жолы», «Көшпенділер», «Қан мен тер», «Аласапыран», «Соңғы көш», «Өлгендер қайтып келмейді» және басқа қалың-қалың романдарда тұтас дәуірлердің картиналары тұр. Повесть жанры да ұмыт қалмады. Оның хас шеберлері қалыптасты. Сайын Мұратбековтің, Әбіш Кекілбаевтың, Қалихан Ысқақовтың, Әкім Таразидің, Қабдеш Жұмәділовтің, Оралхан Бөкейдің, Төлен Әбдіктің, Дулат Исабековтің және басқаларының қаламынан туған повестер қазақ әдебиетінің алтын қорын толықтырды. Әрбір туындысы әдебиеттің сұлу ақбоз аты сынды Тәкен Әлімқұловтың, мінезді, шындықтан еш қаймықпаған Бердібек Соқпақбаевтың бұл жанрдағы жетістіктері әлемгі әйгілі болды. Әңгімелердің жөні де бөлек. Әзеуовтің өзі әдебиетке «Қаралы сұлу» бірнеше әңгімелермен келді. Біртуар сырбаз қаламгер Ғабит Мүсіреповтің «Ақлима» бастаған ана туралы әңгімелерінен Оралхан Бөкейдің ауыл әңгімелері топтамаларына дейін мінсіз шыққан туындылар еді.

Осы қазақ әдебиеті дәуірлеген уақытта журналистика да қара жаяу қалмап еді. Бұл саланың да өзінің жанрлары жеткілікті. Олар күнделікті баспасөз беттерінде орын алып, оқырмандардың көңілінен шығып жатты.

Бір әттеген-айы, біртіндеп олар көзден тыс қалып, көңілден ұмытыла бастады. Мына табиғатты қорғауда «Қызыл кітап» деген ұғым бар. Біз де журналистика жанрларының «Қызыл кітабын» бүгінгі сабаққа өзек етпекшіміз.

Журналистиканың жанр ретіндегі қара нары очерк екені сонау өткен ғасырдың елуінші жылдары мойындалды. Бұл жанрдың жілік майын шағып ішкен тілшілер де көп болды. Ұзақ Бағаев, Сапар Байжанов, Әзілхан Нұршайықов, Сарбас Ақтаев, Ақселеу Сейдімбеков, Оралхан Бөкеев, тағы басқалары танымал очерк шеберлері ретінде мойындалды. Ең ғажабы осы авторлардың бәрі жылдар жылжығанда республикалық басылымдардың редакторлары болды. Шетелге барып алғашқы Америка Құрама Штаттары туралы жолсапар очерктерімен тамсандырған Нұрмахан Оразбековтің жөні бөлек. Кейін бұл үрдісті Шерхан Мұртаза «Анысын аңдыған Америка» атты, Арғынбай Бекбосын «Жетіқарақшысы жоқ аспан» атты очерктерімен жалғастырғаны есте. Біз өз тарапымыздан бұл АҚШ тақырыбына ат қосып «Тас орманның тасасында» атты жолсапар очеркін жазғанбыз.

Жеке кейіпкерді жан-жақты сипаттаған очерктер де оқылатын. Жамбыл облысындағы атақты шопан Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаев, Қарағанды облысы Теміртау қаласындағы Социалистік Еңбек Ері металлург Алтынбек Дәрібаев, Қызылорда облысындағы күрішші Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаев, Қостанай облысындағы диқан-механизатор Социалистік Еңбек Ері Кәмшат Дөненбаева туралы очерктер жарқ ете қалғанда жұртшылық жаңа қаһарманды танытын. Тіпті, әншілер Ермек Серкебаев, Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова және басқалары туралы көркем очерктер газет-журналдарға шығып жатты. Бұл орайда журналист Зікір Асабаевтың есімін ерекше атауға болады. Кейін бұл дәстүрлі «Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы Қали Сәрсенбай сәтті жалғастырды. Амангелді Сембиннен бастап, Асанәлі Әшімовпен жалғастырып ол да тұтас очерктер сериясын жазды және оны бірнеше кітапқа шығарды. Желтоқсан қаһармандары мсеен құрбандары туралы Көлбай Адырбеков, Қайыммұнар Тәбеев өте тағылымды очерктер сериясын жазды. Қайыммұнардың осы жанрдағы материалдары топтастырған «Мұзда жанған алау» атты кітабы оқырмандардың есінде болар.

Кейінгі уақытта газет беттерінен бұл жанр көрінуі қойды. Бұл орайда мәселені тек оқырмандар көлемді дүниені оқуды қойды деп түсіндіруге болмайды. Бауыржан Омарұлының өз әріптестері туралы «Ана тілі» газетіне ұдайы шығып жатқан мақалалар сериясының жанры очерк екені даусыз. Олар да А-2 форматтағы газеттің бір бетін алып тұрады. Көлемді, бірақ қызғылықты оқылады. Демек, очеркті көлемді деп оқымай қоймайды екенбіз. Көркем, тартымды жазылса оқылады. Бірақ, бір қызығы осы материалдарды газеттің бас редакторлары «очерк» деп жанрын көрсетуді қойды. Оның себебі белгісіз. Шамасы, бас редакторлар очерктің жанр ретінде жойылғанын өздері қалайтын болса керек.

Біз де көптеген очерк жаздық. Олар да осы «Ана тілі» газетіне кезегімен шығып жүрді. Тақырыптары да



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Формат пен мәнep. Жоғалып кеткен жауынгер жанрлар
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

бір серия екенін айқындатып «Шаян хақындағы баян», «Сияр төңірегіндегі шиыр», «Кептер жеткізген кептер», «Есек шығарған есеп» дегендей ішкі үйлесіммен әрі бір-біріне тізбектеле қойылды. Бірақ осы мақалалар бір газетке шыққанымен ешбіріне очерк деп айдар тағылмады.

Қазіргі журналистерді бұл жанр қызықтырмайды. Оның бірнеше сыры бар. Біріншіден очерктің объектісі ұзақ, жан-жақты зерттеледі. Ол туралы бұған дейінгі материалдар, оның ішінде ғылыми зерттеулер мен тұжырымдар жинақталады. Автор бар болса кейіпкерімен немесе ол туралы зерттеген ғалымдармен, бұл тақырыппен таныс адамдармен терең сөйлесіп, деректер алады. Жаңа мәліметтер іздейді. Кейіпкер болған немесе оқиға өткен жерлердің бәрін шарлап шығады.

Бұл орайда белгілі қазақ очерк майталманы Жанболат Әлиханұлын мысалға келтіруге болады. Оның «Таңжағайып тағдырлары» және «Біртуарлар» атты кітаптары осы очерктерден тұрады. Қазақ даласындағы түрлі оқиғалардың куәгерлерлері, белгілі дауірлердің танымал тұлғалары Жанболатқа лайықты кейіпкер болып келеді. Ол тіпті шеттегі қазақтар арасынан шыққан генералдар Монғолияда өмір сүрген Зайсанов пен Қытайда қызмет еткен Рүстемұлы туралы да очерктер жазды. Бұл орайда ең бастысы ерінбеу екенін өз еңбегімен дәлелдеді.

Очеркке дайындалу уақытының ұзақтығы қазіргі журналистерді бұл жанрдан бездіріп жібергендей. Оның үстіне бұған көркем тіл керек. Ал осы кездегі қазақ журналистикасының ақсап жатқан тұсы осы тілде деп білеміз. Одан кейін очеркке желі құрылады. Жазу сол желі арқылы жүреді. Мұны кілем тоитын арқауға теңеуге болады. Немесе кәсте тоқу үшін ақ матаға оның қаламмен кескіні салынатын еді ғой. Очерк те сол сияқты журналистің алдын ала ойша құрып қойған қаңқасы негізінде тууы керек. Мұны жасау оңай емес. Оның басталуы, өрбуі, шарықтау шегі мен түйіні болмақ. Демек, очеркке әдебиеттегі романға тән талаптар қойылған. Бірақ, көмегі романмен салыстырғанда жүз есе шағын, ал жанрлық талап екеуіне тең деңгейде. Сондықтан болар енді бұл жанр қазақ журналистикасында ұмыт қала бастады.

Газет беттерінде ғана емес, бұрын радио мен телеочерктер де болатын. Эфирде осылай нақтылап «радио очерк тындайсыз» немесе «телеочеркті тамашалайсыздар» деп атап айтатын. Қазір мұндай аңдатпаны естімейміз. Бірақ, көптеген бағдарламалар сол бұрынғы телеочерктің сұлбасымен жасаларын аңғарудың қиындығы жоқ. «Қазақстан» ұлттық арнасындағы «Келбет» пен «Жарқын бейне» бағдарламаларының, бірнеше жыл «7 арна» эфирінде Майя Бекбаева жүргізген «Моя история» бағдарламасы да түптеп келгенде жеке кейіпкерді жан-жақты сипаттайтын телеочерктің бүгінгі заманға жеткен сұлбалары. Бірақ, оларды енді ешкім очерк деп үкілемейді. «Бағдарлама» деген жалпы атаумен беріліп жатқаны өкінішті.

Фельетон. Кезінде осындай жанр болған. Бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде газет пен журналдың ең өткір және жауынгер жанры еді. Журналистика факультеттерінде арнайы оқытатын. Ал Қазақ ұлттық университетіндегі журналистика факультетінде тіп күшті мән берілетін. Өйткені, бұл жанр туралы сабақты декан, сатира зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы Темірбек Қожакеев өзі жүргізетін. Фельетон қазақ баспасөзінде жиі жарияланатын. Тіпті, сатиралық, қазіргі тілмен қоғамдық-саяси «Ара» журналы шығатын. Ол тұста «Ара» - шаққан жері жара» дейтін мәтел де айтылатын. Өйткені, бұл журналға шығу қызметпен қоштасуға жалғасатын. Тіпті көп ретте мәселе сотқа дейін жететін. «Ара» журналына, республикалық және облыстық газеттерге жарияланған фельетондан ізсіз кетпейтін. Құзырлы органдар назар аударып, тиісті лауазым иелері жазасын алып, одан жоғары органдар кеткен кемшілікті мойындап редакцияларға ресми жауап жолдайтын. Мәселе неде?

Біріншіден, фельетондағы фактілердің бәрі шындық болатын. Өтірік деректерді қосыптып фельетон жазу мүмкін емес, ондайда жала жапқаны үшін автордың өзі істі болмақ. Ал нақты фактілерді табу үшін журналистка ізденуге тура келетін. Фактіні тауып алу аз. Оның анық-қанығына арнайы барып көз жеткізу керек. Жапа жегуші, зардап тарттырушы ғана емес, соған жеткізген, бйлайша айтақнда айыбы бар, жағымсыз кейіпкерлердің өзімен де жүздесіп, олардың, яғни қарсы жақтың пікірін ескермей болмайды.

Жалпы қандай бір сюжет түсірмесін, мәселені қозғамасын екі жақтың да пікірін есту, әрі көрермен мен оқырманға жеткізу – ақпарат құралдары қызметкерлерінің басты міндеті. Онсыз жазылған, эфирге шыққан дүние сыңаржақ болып қалмақ. Бұл талапты біздіңше ең қатты ескеретін ақпарат құралының бірі «Азаттық» радиосы, оның қазақстандағы бюросы. Бұл артық уақытты, тіпті байланыс пен жол шығынын талап етсе де, көпшілікке шынайы, дәл безбенделген материал ұсыну үшін осылай істеуге тура келмек.

Фельетон жазудағы келесі талап оның өте көркем болуы. Жағымсыз кейіпкерлер, қоғамды зиянды әрекет етушілер уытты тілмен түйрелуі керек. Бұл оңай емес. Екінші журналистің бірінің тілі уытты бола қоймайды. Уытты тілге мысал келтіргенде алдымен ойға қазақ әдебиетінің классигі, Социалистік Еңбек Ері академик жазушы Ғабит Мүсірепов ойға орлауы заңды. Ол кісінің ертеректе жазған «Талпақ танау» немесе «Этнографиялық әңгіме» сынды туындылары осындай әжуаға толы, әрбір сөйлемі еріксіз күлкі



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Формат пен мәнep. Жоғалып кеткен жауынгер жанрлар
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

шақырып тұрады. Сондықтан болар, осы Ғабен алғаш «Ара» - «Шмель» журналы ашылғанда бірінші редакторы болып тағайындалған.

Сөз реті келгенде айта кетелік, қазіргі уақытта 2019 жылы «Ара» журналының сұлбасы сақталған. Мүлде шықпай қалған «Білім және еңбек», оның кейінгі атауы «Зерде» болған, «Қазақстан әйелдері» мен «Мәдениет және тұрмыс», беріде ол «Парасат» атанған немесе «Арай» - «Заря» журналдарына қарағанда «Аранын» бағы бар екен. Бұл орайда белгілі сатирик, сол Ғабеннен бастап Қалтай Мұхамеджановтарға дейінгі классиктердің көзін көріп, ізін жалғаған сықақшы, қоғам қайреткері Көпен Әмір-Бекке ризашылық білдіруіміз керек. Қазір бұл журнал республикалық «Айқын» газетінің қосымшасы ретінде ай аралып шығып келеді. Оның беттерінде ең алдымен фельетонға көрнекі орын беріледі.

Біздің байқауымызша, Көпен Әмір-Бек ағамыз қазіргі қазақ журналистикасында бірден бір фельетоншы болып қалған сияқты. Бұрын олардың қатары қалың еді. «Ара» журналының бетінде Ғаббас Қабышев, Сақтапберген Әлжіков, Қажытай Ілиясов сынды сықақшылар ерінбей-жалықпай еңбек етті.

Солтүтареспубликалық газеттердің де өз фельетоншылары шатты болды. Республикалық басылымдарда Балғабек Қыдырбекұлы, Нүри Мұфтах сынды тілі ащы, ойы озық, ниеті адал фельетоншылар болды. Олардың жазған фельетондары сол кездегі қоғамды былықтардан тазартуға, адамгершілік нормаларды орнықтыруда айтарлықтай үлес қосты.

Жалпы, қазақ фельетоны арнайы зерттеуді қажет етеді. Бір ғана Нүри Мұфтахтың жазған сын мақалалары мен фельетондары бірнеше диплом, тіпті PhD докторы атағын алуға жазылатын жұмыстарға өзек бола алар еді. Өкінішті жері бұл ағамыз ауырмай-сырқамай, кенет автомобиль апатына көз жұмды. Ал атындағы мұрасын жинауға баспаға ұсынуға қолы тимеді. Қоғамның кеселдерімен күресті. Онда да өткір қаламын қару етті. Бұл саңлақ журналистің еңбегін бағалау, фельетондары мен сын мақалаларын жинақтап, кітап етіп шығару кезегін күтіп тұр.

Иә, бір Нүри Мұфтах емес, Балғабек Қыдырбекұлының, қажытай Ілияовтың, Мыңбай Ілесовтің және басқалардың тек фельетондары жеке кітап болып шыққаны да дұрыс еді. Өйткені, кейіпкерлері мен автор өмірден өтіп кеткенмен, біздің тұрмысымызда сондағыдай жағдайлар айна-қатесіз қайталанып келуде. Демек, сабақ алу үшін, бұлай істемендер деп тәрбиелеу үшін кезіндегі өткір фельетондарға қайта назар аударудың артғы болмайды.

Сонымен бүгінгі қоғамға да бұл жанр ауадай қажет. Өйткені, мемлекетімізде сыбайлас қылмысқа қарсы күрес жүріп жатыр. Бұл қылмыс түрі жаппай етек жайды. Ауыз жаласып мемлекет қаржысын сіңіріп кету, адамдарды әуре-сарсаңға салу, құқық қорғау орындарының өзіндегі былық, көптеген заңдар мен ережелердің орындалмай аяқ асты болуы, керісінше кейбірінің қоғам дамуына кедергі болуы – міне осылардың бәрі фельетон үшін сұранып-ақ тұр ғой. Бірақ, жоғарыда айтқанымыздай Көпен ағамыздан басқа білек түріп, белсеніп шыққан фельетоншы байқалмайды.

Бұл жанрға қалам тартудың үшінші талабын, анығында қиындығын айта кетелік. Фельетон белгілі бір дәрежеде сюжеттік желіге құрылады. Кейбіреулер тіпті ол үшін, ертегіні, тіпті адамның көрген түсін арқау етіп алады.

Қазіргі уақытта қазақ журналистикасы тағы бір жауынгер жанрды жоғалтып алды. Оның аты памфлет. Кейбіреулер фельетон мен памфлеттің айырмасын біле қоймайды. Фельетон жағдайды түзеу үшін жазылады. Сыннан қорытынды шығартуды ойлайды. Кейіпкерді, болған жағдайды мазақтап отырып алдағы уақытта мұндай нәрсені қайталамау керектігін түсіндіреді. Ал памфлеттің мақсаты басқа, ол өзінің нысанын мүлде талқандап тастауды көздейді. Көп ретте сыртқы жауға арналады. Сондықтан бұл соғыс кезінде, елге көз алартқан дұшпан пайда болғанда жазылған. Алғаш социалистік мемлекет пайда болғанда, ол өзіне капиталистік елдерді жау деп есептегенде кеңес елінің баспасөзінде памфлеттер шықты. Басқасын қойғанда «пролетар жазушысы» атанған Максим Горькийдің өзі осы жанрда жазды. Оның «Сұрғылт қаланың сайтандары» атты памфлеті өз уақытында романдарынан көп оқылды.

Жалпы бұл жанр екінші дүниежүзілік соғыс кезінде өзінің шарықтау шігіне жетті. АҚШ-та, фашистік Германия мен Кеңес Одағында тұтас памфлетшілер тобы болды. Олардың аса зәрілі, аяусыз туындылары күн сайын баспасөз беттеріне шығып жатты. Мәселен Гитлер бастаған фашистердің Кеңес Одағын жедел жаулап алу ниетіне қарсылық ретінде ждазушы Леонид Леонов «Барбаросаның көлеңкесі» атты памфлет жазды. Оны елдегі бірінші нөмірлі газет саналатын «Правда» айқайлатып отырып басты. Галан деген журналистің «Албастының айтағы» атты памфлеті де осылай жарияланды. Тақырыптарының өзінен өшпенділік аңғарылып тұрады. Бұл да памфлеттің фельетонна айырмасын бірден байқатпақ.

Әлемдегі саяси жағдай ушыққан кезде бізге памфлет керек. Кезінде оны Нұрмахан Оразбеков деген үлкен журналисіміз жазған. Жоғарыда аты аталған Көпен Әмір-Бектің «Талтүсте жоғалған танкілер» атты



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Формат пен мәнер. Жоғалып кеткен жауынгер жанрлар
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

памфлеті де баспасөзге шықты. Біздің өзіміз «Қолтырауынның көз жасы» атты памфлет жазғанмыз.

Қазір әлемге түрлі террорлық топтар мен содырлар және олардың құрған қуыршақ үкіметтері қокан-локқы көрсетіп жүр. Осыларды әшкеріп етуге және оған әлемді қарсы тұрғызуға ең өтімді және қажет жанр памфлет еді. Бірақ оған енді уын тамызып жазып шығатын білікті маманды таппайсың. Памфлет те жанр ретінде журналистер даярлайтын жоғары оқу орындарында оқытыла қоймайды.

Сатира телеарналар мен радио эфирінен көрінуді қойды. Бұл электронды ақпарат құралдары тек арзан жылтырақ күлкінің алаңына айналды. Бір қарағанда сын мен сықақтан кенде емеспіз, бүкіл Қазақстанда ондаған сатиралық театрлар шықты. Алматы мен Нұр-Сұлтанды қойып облыс орталықтарында «Тамаша» мен «Бауыржан шоудың» соңынан жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақша қаптады. Бірақ сан бар да сапа жоқ. Бірер жыл бұрын бір телеарна тіпті сатиралық театрлар арасында жарысқа түсетін бағдарлама да шығарды. Бірақ, олардың бір-біріне ұқсайтын құнсыз, қадірсіз көрсетілімдері қалың көрерменді баурай алмады. Ақыры қызығушылықтың жоқтығын, сапаның төмен екенін ескерсе керек әлгі телеарна бұл бағдарламаны келер маусымға ұзартпады.

Неге? Телаарналардағы сатиралық бағдарламалар қоғамды алаңдататын мәселелерді көтеруден гөрі ұсақ, адамдар арасындағы анекдоттық деңгейдегі тақырыптарды шиырлай береді. Екіншіден образдар жасамайды. Үшіншіден образдар жасай қалса, олар типтік деңгейде сомдалмайды. Төртіншіден айтатын сөздері дәмсіз. Көбінесе ұйқас қуалап жаттанды сөйлейді. Тойдағы асаба мен сахнадағы әртіс арасындағы айырмашылық жоқ.

Соңғы уақытта эфирден жігіттердің әйел болып рөлге шығуы, тіпті кемпірлерді мазақтауы жаппай етек алып кетті. Бұған жол беруге болмайды. Мұндай образ қазақ телевизиясының тарихында тек марқұм Құбдайберген Сұлтанбаевқа жарасқан. Өйткені, түрі мен денесі келетін. Өйткені сөзі мен қимылы аумайтын. Сонымен нүкте қою керек еді.

Жоқ, қазір қай арнадағы қандай сықақ бағдарламаны қарама, бір жерінде жас жігіттердің біреуі немесе бірнешеуі кемпір болып шығып, соларды мазақ етуге көшеді. Бұл жол беруге болмайтын жағдай. Біз біртіндеп ананы төбесіне көтеріп құрметтеген елден әйелді барынша мазақ етіп қорлайтын халыққа айналып бара жатқанымызды түйсінуіміз керек. Бұған үзілді-кесілді жоқ деп айтатын уақыт жетті. Бір кездегі Ғабит Мүміреповтің ана туралы әңгімелер топтамасынан қазіргі Тұрсынбек Қабатовтың кемпірлерді мазақтаған бағдарламасына дейінгі жол алға басу емес, кері кету көрінісі.

Біздің мемлекетте Ақпарат саласына жауапты министрлік ешбір арнаны, тіпті оның жекелеген бағдарламасын жабуға құзырлы емес. Өйткені ол әрекет демократияға тосқауыл, цензураны тірілту болып табылмақ. Онсыз да қай жерден ши шығады деп аңдитын батыстық демократиялық институттар мұндай жағдайда барынша қоңырау қағып шықпақ.

Прокуратура ақпарат құралдарының қантөгіске шақырмауын, заң тыйым салған ұйымдарды насихаттамауын, ұлтаралық қақтығысқа бастайтын материалдар бермеуін, Конституция мен мемлекеттік құрылымды күштеп өзгерту үшін үндеу тастамауын бақылайды. Ондай жағдайда сот арқылы ақпарат құралының тіркелген лицензиясын тоқтатады. Ал моральдік астарды қарап, соған орай шара қабылдап отырған ешбір орган жоқ. Ешбіріне ондай өкілеттік берілмеген.

Ал өзімізбен түбі бір Түркияда жағдай басқаша. Онда министрліктен басқа бүкіл ел телеарналарын қадағалайтын Қоғамдық кеңес деген ұйым бар. Әлдебір телеарнада түрік халқын қорлайтын, мазақтайтын бағдарлама немесе кино көрсетілсе қоғамдық кеңес ол арнаны жабу туралы шешім шығара алады. Біз де түріктердің тәжірибесіне жүгініп, осындай қоғамдық институт құрмайынша әжелер мен аналарды мазақтауға тоқтау болмақ емес.

Ал қоғам жеке адамды мазақтау емес, жаппай етек алған, мемлекеттің болашағына көлеңке түсіретін жағдайдарды өткір сынға алуды күтеді. Қазақ ежелден «сын түзелмей, мін түзелмейді» деген. Мемлекетті идеологиялық тоқыраудан алып шығатын жалғыз құрал сын екенін ұмытпауға тиіспіз. Мынадай өмірлік мысалды алып қарайық. Интернетте еврейлер туралы анекдоттар өріп жүр. Осылардың денін осы халықтың өкілдері өздері шығарады. Өз кемшіліктерін өздері күлкі ету арқылы бұл ұлт одан да дами түседі. Күлкі болған жайттер мен кінәраттарынан біртіндеп арылады. Ал бізде ше? Ең қасиетті адам – ананы мазақтау қоғамды алысқа апара қоймас.

Бұл орайда телеарналардағы сатиралық бағдарламаларға қарағанда сарайларда өтетін айтыстың өткірлігі байқалады. Бірақ құлағы түрік көрермен өткен айтыс пен оның эфирдегі нұсқасының арасындағы айырмашылықты аңғармай қоймайды. Айтыстың ең өткір тұстары эфирге шығатын тұста қайшыланып кетеді. Сарай мен мәдениет үйіндегі айтыс барысында айтылған ащы сынды небәрі бірнеше мың адам естісе, кейін телеарна арқылы оны миллиондар естуне құқылы емес пе. Әттең, көп ретте мыңдардың өз



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Формат пен мәнер. Жоғалып кеткен жауынгер жанрлар
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

құлағымен естігені кейін миллиондарға жетпей қалады.

Ал сын керек. Елдегі жағдайдың түзелуі, коррупцияның жойылуы, қазақ тілінің бағының ашылуы, қазақ даласының әлі күнге ресей полигондары болып тұрған аймақтарынан ол базалардың кетуі, іргелі корпорациялар мен компаниялардың ашық жұмыс істеуі, тендер деген тірліктегі қолдың тазалығы, әкімдердің алдағы уақытта сайлау жолымен қызметке келуі тағы басқа ондаған істерді жүзеге асыру өткір сын арқылы басталады. Оған ақпарат құралдары өз үлесін қосуы керек. Бұл үшін жоғалып кеткен жауынгер жанрларды қайта тірілтуге тиіспіз.

Бесінші сабақты пысықтау:

Жеке кейіпкерді немесе құбылысты сипаттау үшін очерк жазу керек .

Жанболат Әлиханұлының «Таңжағайып тағдырлары» және «Біртуарлар» кітаптарын оқуға кеңес береміз.

Қоғамды түрлі былықтардан тазалауда фельетон жанрының орны ерекше

Қазіргі қазақ журналистикасында фельетон тек «Айқын» газетіне қосымша ретінде шығатын «Ара» журналында сақталған.

Халықаралық терроризм мен түрлі содырлық топтарды әшкерелеуде памфлет жанрына жүгінуге болар еді.

Қазіргі телеарналардағы сатиралық жанрлар ұсақ, арзан күлкіге негізделген.